

«БЕКІТЕМІН»
М.Әуезов атындағы
№86 мектеп-гимназиясының директоры
Г.О.Сразбекова
«29» тамыз 2024 ж.



**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша
М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының 2024- 2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңестің отырысында қаралды

Хаттама №1 «29» тамыз 2024 жыл

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 30.07.2024 жылдың № 194 бұйрығына сәйкес жасалынды. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту; табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйымтүлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;

мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;

ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;

туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрметкөрсету;
азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
мемлекеттік тілді меңгеру;
Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Ұлттық құндылықтар: бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық, тәуелсіздік және отаншылдық.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтар топтамасы

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп

- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Тәрбие жұмысының негізгі жобалар топтамасы

- «ҚАМҚОР» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «SMART BALA» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ШАБЫТ» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

2024-2025 оқу жылындағы атаулы күндер

- Түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің туғанына 995 жыл (1029 - 1101)
- Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының туғанына 840 жыл (1184 - 1227)
- Жошы ұлысына 800 жыл (1224)
- Қазақ ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл (1445 - 1521)
- Тарихшы, философ Мұхаммед Хайдар Дулати туғанына 525 жыл (1499 - 1561)
- Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл (1804 - 1846)
- Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл (1889 - 1938)
- Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (1924 - 1988)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл (1894 - 1943)
- Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995)
- Қазақ тілтанушысы, филология ғылымдарының докторы Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызының туғанына 100 жыл (17.08.1924 - 04.07.2020)
- Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924 - 08.08.1998)
- Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924 - 1992).
- Қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровтың туғанына 100 жыл
- Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл (1894 - 1938)

- Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894 - 1939)
- Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894 - 25.02.1938)
- Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894 - 26.02.1938)
- Әдебиеттанушы Телжан Шонановтың туғанына 130 жыл (1894 - 1938)
- Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915 - 6.05.1966)
- Ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл (20.03.1935)
- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының туғанына 80 жыл (01.05.1945–2014)

Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы;
- 2) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;
- 3) Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы № 194 от 30.07.2024;
- 4) «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- 5) «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғауын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- 6) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 7) «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- 8) «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. № 748 қаулысы;
- 9) «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы;

- 10) «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасындағы 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
- 11) «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- 12) «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- 13) «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022ж. №6 бұйрығы;
- 14) «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- 15) «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;
- 16) «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы.

Тәрбие жұмысының жоспары

(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 30.07.2024 жылғы №194 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес)

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ЖЫЛ БОЙЫ АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР				
1	Кешенді жоспарды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жаңартылған мазмұны және енгізу алгоритімі бойынша әзірлеп, іске асыруды ұйымдастыру	Ақпарат	ДТІЖО, сынып жетекшілері	Жыл бойы
2	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлестіру	Ақпарат	ДТІЖО, аға тәлімгер, сынып жетекшілері	Жыл бойы
3	Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі мен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін нығайту және отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» жобалары бойынша жұмыстарды жандандыру	Іс- шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, сынып жетекшілері	Жыл бойы
4	«Қауіпсіз қоғам» алдын алу шаралары аясында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығының алдын алу	Сұхбат, дөңгелек үстел, тренинг	ДТІЖО, ӘБ жетекшілері ПД, Қорғаншылық және қамқоршылық ұйымдарымен бірге	Жыл бойы

	бағытталған іс-шаралар			
5	«Ойынға салауатты көзқарас» алдын алу шаралары аясында балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық - заман талабы», «Бала құқығы - адам құқығы» атты түнгі рейдтерді ұйымдастыру	Рейдтер	ДТІЖО, аға тәлімгер, ӘБ жетекшілері ПД, Қорғаншылық және қамқоршылық ұйымдары	Жыл бойы
6	«Жер елшілері» креативті жастардың Бүкілқазақстандық экологиялық қозғалысы» жобасы шеңберінде білім алушыларға экологиялық білім беру	Іс-шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, сынып жетекшілері	Жыл бойы
7	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында атқарылатын жұмыс	Іс-шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Жыл бойы
8	Азаматтық қорғаныс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында атқарылатын іс-шаралар	Іс-шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, төтенше жағдайлардың алдын-алу департаменті өкілдері	Жыл бойы
9	Ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізуге ынталандыру бойынша іс-шаралар өткізу	Іс-шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Жыл бойы

10	Мектептегі психологиялық - әлеуметтік қызметті және психологиялық ағарту жұмыстарын жетілдіру. Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында атқарылатын іс-шаралар	Іс-шаралар	ДТІЖО, мектеп-психологы, Психологиялық колдау орталығы	Жыл бойы
11	Еріктілер жасақтары арқылы ерекше қамқорлықты қажет ететін балалармен «Біз біргеміз!», "Мен – сенің досыңмын" тақырыбында акциялар ұйымдастыру	Іс-шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Жыл бойы
12	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында атқарылатын іс-шаралар	Іс-шаралар	ДТІЖО, аға тәлімгер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері ҰҚК, Дін істері жөніндегі басқарма өкілдері	Келісім бойынша
13	«Өмірге салауатты қадам» алдын алу шаралары аясында салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу «Дұрыс және тиімді тамақтану - денсаулықтың негізі», «энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсері» тақырыптарындағы тәрбие сағаттары	Іс-шаралар, кездесу Тәрбие сағаттары	ДТІЖО, тәлімгер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, Спорт және туризм министрлігі өкілдері	Келісім бойынша
14	«Жеткіншектің жеті жарғысы» - «Адал ұрпақ» жобасы аясында сыбайлас	Кездесу, дөңгелекүстел	ДТІЖО, тәлімгер, сынып жетекшілері, сыбайлас	Келісім бойынша

	жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мамандарымен жұмыс		жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өкілдері	
15	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шаралары аясында балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен цифрлық сауаттылығын қамтамасыз етуде «Құмар ойындар мен кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында тәрбие сабақтарын өткізу «Буллингтен қорған!» алдын алу шараларына бағытталған жұмыс	Іс-шаралар, сынып сағаттары, кездесу, дөңгелек үстелдер	ДТІЖО, тәлімгер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері, Психологиялық қолдау орталығы	Жыл бойы
16	Ұлттық спорт түрлерін (тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату), ұлттық өнерді (ұлттық аспаптар домбыра және дәстүрлі ән айту, қазақ биі, қазақ әні) дамытуға бағытталған жұмыс	Үйірмелер	Үйірме жетекшілері	Жыл бойы

ҚЫРКҮЙЕК –ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
 - 1 қыркүйек – «Білім күні»
 - 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
 - Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
 - Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
 - Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні
-
- ✓ Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымы өңірдің, ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.
 - ✓ Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепшілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.
 - ✓ Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.
 - ✓ Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме
	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АДАЛ АЗАМАТ, ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН , ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ				
Апта дәйексөзі: Білім – кымбат қазына, қанағат тұтғы азына (Мұзафар Әлімбаев)					
1.	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!»,	Салтанатты іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Қыркүйектің 1 аптасы	
2.	Сынып сағаты, Менің Отаным – Қазақстан!	Білім күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қыркүйектің 1 аптасы	

3.	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын бірлестіктері	Қыркүйектің 1 аптасы	
4.	«Тілім-менің тірегім!»	Поэтикалық марафон 6-сыныптар	Кітапханашы	Қыркүйектің 1 аптасы	
Апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!					
5.	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында «Әжемнің ертегісі» тақырыбында іс-шара	Ақпаратты әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Кітапханашылар Сынып жетекшілер	Қыркүйектің 2 аптасы	
6.	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	Отбасы күніне арналған челлендж	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1-11 сынып жетекшілері,	Қыркүйектің 2 аптасы	
7.	«Бірінші сынып оқушыларының табысты бейімделуіне жағдай жасау» оқыту семинары	Профилактикалық- ағартушылық жұмыс: педагогтер мен ата- аналарға психологиялық- педагогикалық білім беру	Мектеп психологы	Қыркүйектің 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай)					
8.	Сынып сағаты, Буллингтен қорған	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйектің 3 аптасы	
9.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыс. Ақпараттық хабарлама.	Бұйрық, анықтама	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйектің 3 аптасы	

10.	Оқырмандарға арналған «Оқу марафоны» мобильді қосымшаларын енгізу «Ақпаратты білгенің-алда жүргенің» ақпараттық сабақ,	«Оқуға құштар мектеп» аясында ақын-жазушылар шығармаларын насихаттау, оқу сағаттарын, кітап көрмесін ұйымдастыру	Кітапханашы	Қыркүйектің 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. (Абай)					
11.	Сынып сағаты, Еңбек түбі береке.	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қыркүйектің 4 аптасы	
12.	Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп ішкі тәртіп ережесімен таныстыру (өрт қауіпсіздігі, терроризмге қарсы оқу жаттығу)	Хаттама жазу	ДТІЖО	Қыркүйектің 4 аптасы	
13.	Мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановтың туғанына 130 жыл.	Тынымдық кеш	ДТІЖО Тарих пәні мұғалімдері Сынып жетекшілері	Қыркүйектің 4 аптасы	

ҚАЗАН - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

- 1 қазан – Халықаралық қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 24 қазан – Кітапханашылар күні
- 25 Қазан – Республика күні

№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: АДАЛ АЗАМАТ, ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН, ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ					
Апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!					
1	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар: 1. «Қарты бардың қазынасы бар». сынып сағаттары. 2. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты». «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық акциясы («Қамқор» жобасы) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, волонтерлар.	Қазанның 1 аптасы	
2	Ұстаздар мерекесіне орай «Ұлағатты ұстаз – қоғам тірегі» атты іс-шара. «Ұстазға алғыс» тақырыбында тәрбие сағаттары	Мерекелік шара, тәрбие сағаттары	ДТІЖО, Сынып жетекшілері	Қазанның 1 аптасы	
3	«Даналық ұстаздан» челленджі	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 1 аптасы	
4	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында: Шоқан Уәлихановқа 190 жыл. «Шоқтығы биік Шоқан»	библиографиялық шолу, 8-сыныптар	Кітапханашы	Қазан айының 1 аптасы	

	кітап көрмесі,				
5	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІД және т. б.) бірлесіп	Қазан айының 1 аптасы	
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!					
6	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қазан айының 2 аптасы	
7	Ақын және қоғам қайраткері С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Белгілі балалар жазушысы Б.Сокпақбаевтың туғанына 100 жыл.	Тынымдық кеш	ДТІЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Сынып жетекшілері	Қазан айының 2 аптасы	
8	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері	Қазан айының 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!					
9	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы	Тәлімгер, сынып жетекшілері	Қазан айының 3 аптасы	
10	Ойынға салауатты көзқарас. Ұлдар және Қыздар кеңесінде пікіралмасу.	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қазан айының 3 аптасы	

11	Филлипстің мектеп мазасыздығына арналған тест-сауалнамасы	Диагностика: мектептегі мазасыздықты зерттеу	Мектеп психологы	Қазан айының 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім!					
12	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 4 аптасы	
13	Республикам – мақтанышым!	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қазан айының 4 аптасы	
14	Демалыста кітап оқимыз	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	Қазан айының 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме
Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні					
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік - біртұтас ұғым!					
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қарашаның 1 аптасы	
2	Мектеп театры	Сахналық қойылымдар шеруі	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері, /тілдік пәндер	Қарашаның 1 аптасы	

			мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы		
Апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ!					
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қарашаның 2 аптасы	
4	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	Қосымша білім беру педагогтері	Қарашаның 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі					
5	«Startup» байқауы	Байқау	Сынып жетекшілері мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы	Қарашаның 3 аптасы	
6	Буллингтен қорған!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қарашаның 3 аптасы	
7	«Психикалық күйлерді өзін-өзі бағалау» тесті (Айзенк бойынша)	Диагностика: жасөспірімдердің психоэмоционалды жағдайын зерттеу	Мектеп психологы	Қарашаның 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!					
8	Өмірге салауатты қадам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қарашаның 4 аптасы	

9	Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қарашаның 4 аптасы	
10	Қазақ классигі, драматург Б.Майлиннің туғанына 130 жыл	Тынымдық кеш	ДТІЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Сынып жетекшілері	Қарашаның 4 аптасы	
11	«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын қорытындылау, бекіту	Қайырымдылық акциясы	Әлеуметтік педагог	Қарашаның 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме

Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады

1	«Табиғатқа камқорлық жасаймыз» акциясы	Мектептегі /сыныптағы/ тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 1 аптасы	
---	---	--	-------------------	--------------------------	--

Апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді

2	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсанның 2 аптасы	
3	Балалар кітапханасы	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 2 аптасы	

		кейіпкерлері байқауы			
Апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас					
4	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсанның 3 аптасы	
5	16 желтоқсан «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі» күніне арналған іс-шаралар	Мерекелік іс-шара. «Тәуелсіздік жетістіктері» кітап көрмесі, библиографиялық шолу 1-10 сыныптар	ДТІЖО Кітапханашы	Желтоқсанның 3 аптасы	
5	Буллингтен қорған!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Желтоқсанның 3 аптасы	
6	«Негативті жағдайларды жеңу жолдары» тесті «Амалтея» диагностикалық кешені	Жоғары сынып оқушыларының стресске төзімділігін диагностикалау	Мектеп психологы	Желтоқсанның 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Ынтымақ - бұзылмайтын қорған					
7	Ойынға салауатты көзқарас	Алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Желтоқсанның 4 аптасы	
8	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 4 аптасы	
9	«Кел, Жаңа жыл!» мерекелік іс-шарасы	Салтанатты іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Желтоқсанның 4 аптасы	

			Тәлімгер, Сынып жетекшілері		
10	Қамқорлықтағы, аз қамтылған, көп балалы отбасындағы балаларды жаңа жылдық ертеңгіліктерге қатыстыру (әкімнің және президенттік шырша)	Мерекелік іс-шаралар	Әлеуметтік педагог	Желтоқсанның 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме

Қаңтар – Заң және тәртіп айы

1 қаңтар – Жаңа жыл

Апта дәйексөзі: Тәртіп - тәрбие бастауы

1	Мамандықтар марафоны	Байқау	Көркем еңбек, информатика, робототехника мұғалімдері	Қаңтардың 2 аптасы	
2	Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!	Сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қаңтардың 2 аптасы	

Апта дәйексөзі: Әділ заң - аспан тірегі

3	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	Қосымша білім беру педагогтері	Қаңтардың 3 аптасы	
4	Буллингтен қорған!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қаңтардың 3 аптасы	

5	Ата-аналарға арналған топтық кеңестер: «Баламен сенімді қарым-қатынасты қалай құруға болады?», «Жазасыз тәрбиелеу»	Алдын алу-ағартушылық жұмыс: ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру	Мектеп психологы	Қаңтардың 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды					
6	«Заң және Тәртіп» құндылығы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Қаңтардың 4 аптасы	
7	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы	Байқау	Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері	Қаңтардың 4 аптасы	
8	«Қоғамдық мүлікті қорға». Вандализмге қарсы іс-шара	Вандализмге қарсы сурет, плакаттар көрмесі	ДТІЖО, Көркем еңбек пәні мұғалімдері, Сынып жетекшілері	Қаңтардың 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме
Ақпан – Жасампаздық және жаңашылдық айы 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні					
Апта дәйексөзі: Жасампаздық - бәрімізге өнеге					
1	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі	Ақпан айының 1 аптасы	

			мемлекеттік органдармен бірлесіп		
2	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің мзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 1 аптасы	
Апта дәйексөзі: Шығармашыл бала - ойлы бала					
3	Өмірге салауатты көзқарас	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Ақпан айының 2 аптасы	
4	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	Челлендж	Кітапханашы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 2 аптасы	
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында іс-шара ұйымдастыру	Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО, Кітапханашы, Сынып жетекшілері	Ақпан айының 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Өнерлі бала өрге жүзер					
6	Қауіпсіз қоғам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Ақпан айының 3 аптасы	
7	«Startup» байқауы	Байқау	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Жаңашылдық - заман талабы					
8	Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Ақпан айының 4 аптасы	

9	«Жаксылык жасау» акциясы	Ұайырымдылык шаралары	ДТЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілері	Ақпан айының 4 аптасы	
10	«Мен өмірді таңдаймын!» Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын іске асыру шеңберінде	Профилактикалық-ағартушылық жұмыс: орта буын және жоғары сынып оқушыларында кездесетін психологиялық аутодеструктивті мінез-құлық	Мектеп психологы	Ақпан айының 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме

Наурыз – Тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

Апта дәйексөзі: Патриотизм - ата-ананды құрметтей білуің...

1	Алғыс – ізгі ниет	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Наурыздың 1 аптасы	
2	«Біздің балалар таңдаған мамандықтар» тақырыбындағы дәріс	Профилактикалық-ағартушылық жұмыс: ата-аналарға кәсіптік бағдар беру	Мектеп психологы	Наурыздың 1 аптасы	

3	Ойынға салауатты көзқарас	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Наурыздың 1 аптасы	
Апта дәйексөзі: Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік					
4	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 2 аптасы	
5	Аналар мерекесіне арналған іс-шаралар	Тәрбие сағаттары, сынып сағаттары	ДТІЖО, Сынып жетекшілері	Наурыздың 2 аптасы	
6	«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады					
7	«Наурыз – жыл басы» мерекелік іс-шара, сынып сағаттары	Мерекелік іс-шара, сынып сағаты	Сынып жетекшілер Бірлестік жетекшілер	Наурыздың 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең					
8	Салауатты өмір салты. Денсаулық сабағы	2-4, 5-8, 9-11 сынып оқушылары арасында спорттық сайыстар	Сынып жетекшілері	Наурыздың 4 аптасы	
9	Ақын Т.Молдағалиевтің туғанына 90 жыл. «Жүрегі жырдан жаралған» өмірі мен шығармашылығына шолу	Тынымдық кеш, 9-сыныптар	Кітпханашы	Наурыздың 4 аптасы	

10	«Жер сағаты» экологиялық акциясы	Акция	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері	Наурыздың 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме

Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
12 сәуір – Ғылым күні
15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
23 сәуір – Ұлттық кітап күні

Апта дәйексөзі: Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап

1	Алғыс – ізгі ниет	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы	
2	Біз таңдаған кітаптар	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы	
3	«Тазалық - тарту». Жас экологтар күніне орай іс-шара	Сенбілік, челлендж	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы	

Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді

4	Өмірге салауатты қадам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып	Сәуірдің 2 аптасы	
---	------------------------	---------------------	--	-------------------	--

			жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп		
5	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	Шеберлік сынып	Сынып жетекшілері / педагог-психологтер	Сәуірдің 2 аптасы	
6	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында: Сәбит Мұқановқа 125 жыл.	«Тарлан талант тағдыры» танымдық сағаты, 6-сыныптар	Кітапханашы	Сәуірдің 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар					
7	Қауіпсіз қоғам!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 3 аптасы	
8	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 3 аптасы	
9	Жасөспірімдерге арналған жадынамалар мен дәрістер: «Егер сізді ренжітсе не істеу керек?»	Алдын алу-ағартушылық жұмыс: орта мектеп оқушылары арасында буллингтің алдын алу	Мектеп психологы	Сәуірдің 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер					
10	Қоғамдық мүлікті қорға!	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Сәуірдің 4 аптасы	
11	«Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 4 аптасы	

12	«Достық – көмекпен мықты»	Пікіралмасу клубының жұмысы	Тәлімгер, Сынып жетекшілері	Сәуірдің 4 аптасы	
№	Іс шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауапты мамандар	Орындалу мерзімі	Сілтеме

Мамыр – Бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамырдың 1 аптасы	
2	«Ұлағатты ұстаз». КР Еңбек сіңірген мұғалімі Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының туғанына 80 жыл	Танымдық сабағы	ДТІЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілері	Мамырдың 1 аптасы	

Апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ

3	Ер есімі ел есінде. Отанқорғаушылар және Жеңіс күніне іс-шаралар	Тәрбие сағаттары	Сынып жетекшілері	Мамырдың 2 аптасы	
4	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі	Фестиваль	АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері,	Мамырдың 2 аптасы	

			мектептің өзін-өзі басқару ұйымы		
5	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында: "Ұлы даланың батыр қызы" Әлия Молдағұловаға 100жыл	оқырман конференциясы, 10-сыныптар	Кітапханащы	Мамырдың 2 аптасы	
Апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек					
6	Буллингтен қорған!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамырдың 3 аптасы	
7	Қауіпсіз қоғам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Мамырдың 3 аптасы	
8	«Қорытынды емтихандар: қалай дайындалу керек?» дәрістерін өткізу	Алдын алу-ағартушылық жұмыс: мемлекеттік емтихандарға дайындық кезінде психозмоционалды шамадан тыс жүктеменің алдын алу	Мектеп психологы	Мамырдың 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп					
9	Білімім – Отаныма!	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	Мамырдың 4 аптасы	
	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман», «Ең көп оқитын сынып»,	мақтау қағаздарымен марапаттау	ДТІЖО Кітапханашы	Мамырдың 4 аптасы	

	«Оқымысты отбасы» аталымдарын марапаттау				
10	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	Сынып жетекшілері	Мамырдың 4 аптасы	
11	«Мектебім, саған мың алғыс» тақырыбында мектеп бітіруші түлектердің іс-шарасын өткізу	Анықтама, әлеуметтік желідегі хабарлама	ДТІЖО, Сынып жетекшілері	Мамырдың 4 аптасы	

Маусым – Жасампаздық және жаңашылдық айы

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

Апта дәйексөзі: Ең берік қамал - Отанға деген сүйіспеншілік

1	1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне іс-шара өту	Анықтама, әлеуметтік желідегі хабарлама	ДТІЖО, Тәлімгер, Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілері	Маусымның 1 аптасы	
2	Емтихан тапсыру кезіндегі балалар қауіпсіздігі	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Маусымның 1 аптасы	

Апта дәйексөзі: Бірлік пен жасампаздық - ел бағдары

3	Салуатты өмір салтының жақтастары.	Спорттық шаралар	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері, Сынып жетекшілері	Маусымның 2 аптасы	
4	Мектеп жанындағы, қала сыртындағы жазғы балалар лагерьлерін ұйымдастыру	Анықтама, әлеуметтік желіге салу	ДТІЖО, Тәлімгер, Әлеуметтік педагог,	Маусымның 2 аптасы	

	(Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасы балаларының жазғы демалысын қамтамасыз ету, жазғы демалыс лагерьлеріне баруларын ұйымдастыру)		Сынып жетекшілері		
Апта дәйексөзі: Жасампаз халық болуымыз қажет					
5	Мектеп жанындағы, қала сыртындағы жазғы балалар лагерьлерін ұйымдастыру	Анықтама, әлеуметтік желіге салу	ДТІЖО, Тәлімгер, Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілері	Маусымның 3 аптасы	
6	Бітіруші түлектерге аттестат тапсыру шарасы	Мерекелік шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекшілері	Маусымның 3 аптасы	
Апта дәйексөзі: Ежелден ел тілегі - ер тілегі, адал ұл ер боп туса - ел тірегі!					
7	Мектеп жанындағы, қала сыртындағы жазғы балалар лагерьлерін ұйымдастыру	Анықтама, әлеуметтік желіге салу	ДТІЖО, Тәлімгер, Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілері	Маусымның 4 аптасы	